

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметін одан әрі реформалау бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны жүзеге асыру жөніндегі шараларының жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 маусымдағы N 940

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметін одан әрі реформалау бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны жүзеге асыру жөніндегі шараларының жоспары (бұдан әрі - Шаралардың жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бағдарлама мен Шаралардың жоспарын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бағдарлама мен

Шаралардың жоспарын жүзеге асырудың барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін, қажет болған жағдайда қосымша шаралар қабылдау туралы дер кезінде ұсыныстар енгізісін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Шаралардың жоспарын орындауға жауапты адамдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ай сайын ақпарат берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 9 маусымдағы
N 940 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметін
одан әрі реформалау бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

Мемлекеттік қызметті одан әрі реформалау бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) басқару тиімділігін арттыру, мемлекеттік органдар жүйесін одан әрі реформалау, мемлекеттік қызметтің кадр әлеуетін жақсарту мақсатында әзірленді.

Ұйымдық қайта құрулардың бұрын сәтсіз болуының негізгі себебі 90-шы жылдардың қарсаңында мемлекеттік басқару жүйесін қайта ұйымдастыру кезінде басқарудың ескі нысандары мен әдістерінен жаңаларына сырғып көшу принципінің сақталмауында болды. Жиі қайта ұйымдастырулар және осыған байланысты кадрларды қайта орналастыру қабылданатын шешімдердің салдарларына жауапкершілік принципінің бұзылуына әкеп соқты.

Басқару кадрларын даярлауда, олардың қызметін ынталандыру мен бақылау жүйесінде елеулі қателіктерге жол берілді. Кадрларды іріктеу мен орналастыру жүйесінің пысықталмауына, сондай-ақ салыстырмалы түрде алғанда, еңбекке аз ақы төлеуден туындаған келешегінің жоқтығы, ертеңгі күнге деген сенімділіктің болмауы білікті басқару кадрларының елеулі бөлігінің мемлекеттік емес салаға кетуіне әкеп соқты. Дамыған шет елдердің тәжірибесі мемлекеттік аппаратқа барынша кәсіби даярлығы бар және идеялық табанды қызметкерлерді тарту қажеттігін көрсетіп отыр.

Аталған саладағы проблемаларды дұрыс шешу республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік қызмет пен ұйымдардағы кадрлардың санын, құрамы мен қозғалысын бейнелейтін толық және объективті ақпараттың болуын көздейді.

Орталық атқарушы органдардың қосымшаның 1-суретінде келтірілген бұрынғы құрылымы өз құрамында 42 дербес бөлімшені қамтитын, оның ішінде: министрліктер - 20, мемлекеттік комитеттер - 11, комитеттер, бас басқармалар, ұлттық комиссиялар және басқалары - 11.

Тәжірибе орталық атқарушы органдардың ұйымдық нысандарының көп түрлілігі, сондай-ақ олардың құқықтық мәртебесінің жеткілікті түрде айқын болмауы ұйымдық құрылымды елеулі түрде күрделендіргенін және оның тиімділігін едәуір төмендеткенін көрсетіп отыр.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес мынадай негізгі шаралар жүргізілді:

Үкімет аппараты Премьер-Министрдің Кеңесі болып қайта ұйымдастырылды;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ведомстволық бағыныстағы орталық атқарушы органдардың саны 50% астам қысқартылды. Бұл ретте таратылған мемлекеттік органдардың көпшілігі тиісті министрліктердің өздеріне жүктелген

функцияларды дербес орындайтын, заңды тұлға құқығы бар құрылымдық бөлімшелері болып өзгертілді.

Нәтижесінде, үкіметке ведомстволық бағыныстағы орталық атқарушы органдардың құрылымы өз құрамында өзге 14 министрлік пен 2 мемлекеттік комитетті қамтиды.

Жүргізілген жаңғыртулар мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру жөніндегі қажетті қадамдарды толық қамти алмағанын атап өткен жөн.

Алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибе басқарудың нарықтық нысандары мен әдістеріне бара-бар мемлекеттік органдардың ұтымды жүйесін құру - ұзақ және күрделі процесс екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты бағдарламада келешекте жүргізіліп отырған реформалардың табысты болуына мүмкіндік беретін бірінші кезектегі бірқатар шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр.

II. Мақсаттар мен міндеттер

Қазіргі кезде Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудің негізгі нарықтық тетіктері құрылған. Жүргізіліп отырған жаңартулардың нәтижесі ретінде экономикалық тұрақтылық пен өндірістің өсуінің тұрақты тенденциясы байқалды. Ол процестерді орнықтыру үшін мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру қажет.

Осының негізінде, Бағдарламаның мақсаты тиімді мемлекеттік реттеу және мықты жеке меншік секторды дамыту үшін экономикалық орта құру есебінен орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың ұтымды жүйесін құру болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

мемлекеттік органдар мұқтажына бағдарланған кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру арқылы жоғары білікті кадрлардан жинақталған мемлекеттік қызметті құру;

мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру; халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіне бақылау жүйесін құру;

мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету жүйесін информатикаландыру; мемлекеттік атқарушы өкімет органдарының қызметін реттейтін құқықтық қамсыздандыруды әзірлеу;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың функцияларын ұтымды ету;

Бағдарламаның аталған міндеттерін іске асыру тиісті шаралар мен жұмыстар жоспарын әзірлеу және орындау арқылы жүзеге асырылады.

III. Мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету

Атқарушы органдардың ұйымдық құрылымын ұтымды етумен және мемлекеттік қызметшілердің санын қысқартумен байланысты Қазақстанда жүргізіліп отырған мемлекеттік басқаруды кең ауқымды реформалау тиімді, және мақсатты кадр саясатын жүргізуді көздеп отыр. Осы саладағы проблемаларды дұрыс шешу үшін атқарушы органдарда, сондай-ақ денсаулық сақтау мен білім берудің бюджеттік ұйымдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы туралы объективті деректер қолда болуы қажет.

Қазіргі кезде не статистикалық, не қаржы органдарында жұмыс істейтін халықтың қарастырылып отырған санатын сипаттайтын барынша толық әрі сенімді деректер жоқ. Осыған байланысты Қазақстанда жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті қалыптастыру мен жолға қою саласында негізгі шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерге санақ жүргізіп, оның негізінде қолда бар кадр әлеуетін бағалау және талдау жүргізу қажет.

Мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің саны мен құрамы туралы объективті және сенімді деректер алу атқарушы органдарда кадрларды басқарудың толық жүйесін құру үшін ақпараттық негіз болып табылады. Бұл мәселені шешу мемлекеттік қызметтің кадр құрамында болып жатқан өзгерістердің серпінін бейнелейтін, тұрақты әрекет ететін есепке алу және есептілік жүйесін ұйымдастыруды көздейді. Қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық құралдарды кең пайдаланбай Үкіметті және кадр қызметтерін негізгі шешімдер қабылдауға қажетті жедел және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандар мемлекеттік қызмет кадрларын есепке алу мен олардың қозғалысының компьютерлендірілген жүйесін әзірлеу мен енгізу қажеттілігінің шарты болып табылады, оның ақпараттық негізі мемлекеттік қызметшілерге санақ жүргізу материалдары болады. Мемлекеттік басқару органдары шешетін мәселелер мемлекеттік қызметшілердің кең саяси ой-өрісінің, құқық, экономика, әлеуметтану, экология, басқаруды ұйымдастыру және басқалары саласында терең білімінің болуын талап етеді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі тиісті кәсіптік деңгейдегі кадр құрамымен толық қамтылмаған.

Осыған байланысты тұрақты жұмыс істейтін, мемлекеттік органдардың мұқтажына бағдарланған, оқу бітіргендерге:

- нысаналық салада терең білімді;
- басқару процесінде пайда болатын проблемаларды шешудің қазіргі заманғы әдістерін меңгеруді;
- қазіргі заманғы бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалана білуді;
- мемлекеттік, орыс және шет тілдерін білуді;
- мемлекеттік басқарудың аралық бөлімшелері мен басқа да органдарының функциялары мен міндеттері туралы барынша кең түсінігінің болуын;

басқару еңбегін ұтымды әрі тиімді ұйымдастыру дағдыларын меңгеруді қамтамасыз ететін басқару кадрларын даярлау мен қайта даярлау жүйесін құру қажет.

Мұндай жұмысты жүргізу кейін мемлекеттік қызмет үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың, кадрларды іріктеу мен орналастырудың ұтымды жүйесін құруға, осы мақсаттарға бөлінетін ресурстарды неғұрлым ұтымды және тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызады.

ІҮ. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу

1996 жылы "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының күшіне енгізілуіне байланысты мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мен оларды әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі едәуір көтерілді. Бұл бірқатар кәсіпорындар мен қаржылық құрылымдардың банкроттығы жағдайында біліктілігі жоғары мамандардың мемлекеттік қызметке деген көзқарасын өзгертті. Егер өткен жылдарда мамандардың мемлекеттік органдардан кетуі байқалса, бүгін бос лауазымдарды алуға конкурстар жүргізудің шарттары жасалып жатыр.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі Жарлығымен мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесіне нақты өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары едәуір өсті. Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттардың депутаттары үшін еңбекақы төлеу жүйесі әзірленді, көтеріңкі дара лауазымдық жалақылар енгізу көзделді.

Алайда оңтайлы деңгейге әлі қол жеткізілген жоқ, өйткені мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары әлі де төмен, мұның өзі қажетті мамандарды барынша тартуға мүмкіндік бермей отыр.

Аталған міндеттерді шешу үшін өздеріне жүктелген функцияларды орындауға қажетті ұқсас құзыреттілікті, шеберлік және дағды деңгейін талап ететін мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік сектор қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге салыстырмалы талдау жүргізу қажет. Осының негізінде, жалақы деңгейін көтеру мақсатында мемлекеттік қызметшілерге және бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің түбірімен жаңа жүйесін әзірлеу қажет.

Ү. Мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бақылау жасау

Тиімді кәсіптік мемлекеттік қызмет құру үшін оның қызметін белгілі бір қызмет көрсету саласы ретінде қарап, осыған сәйкес оның нәтижелеріне баға беру қажет.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің азаматтардың мұқтажын

қанағаттандыруға бағытталған кез келген жұмысын басқару қызметінің түпкі пайдалы нәтижесі деп қарастыру керек. Бұл ретте халыққа көрсетілетін қызмет ақылы және ақысыз негізде ұсынылуы мүмкін. Оның сапасын бағалау үшін тиісті нормативтерді, оларды сатудың шарттары мен тәртібін әзірлеу қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің өз қызметінің сипатына қарай мемлекеттік ресурстардың бөлінуіне ықпал ету мүмкіндігі бар. Сондықтан өз қызмет бабын мемлекеттік мүддеге зиян келтіре отырып, жеке басының мүддесі үшін пайдалану мүмкіндігі үнемі болады. Осындай фактілерді жою үшін нарықтық экономика елдерінде мемлекеттік қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындауына бақылау жасау жүйесі бар. Мұндай жүйенің болуы:

халықтың сот органдарына келіп түсетін арыздарының санын едәуір қысқартуға;
мемлекеттік қызметшілердің халыққа тиісті қызмет көрсету жөніндегі жұмысының сапасын жақсартуға және олардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардың және жекелеген лауазымды адамдардың қызметіне бақылау жүйесін құру:

көрсетілетін қызметтің тізбесі мен сапасын, сондай-ақ оларды көрсетудің регламенті мен рәсімдерін айқындайтын стандарттар мен нормативтерді әзірлеуді;
мемқызметшілердің жұмысына арыздар мен талап қоюларды қараудың тәртібі мен мерзімдерін белгілеуді;
мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік әдеп ережелерін әзірлеуді көздейді.

ҮІ. Мемлекеттік қызмет жұмысын құқықтық қамтамасыз ету

Мемлекеттік атқарушы өкімет органдарының бұрынғы жүйесі бірқатар себептерге байланысты жеткілікті түрде тиімді жұмыс істеген жоқ. Ең басты себептердің бірі - атқарушы органдардың қызметін реттейтін нормативтік актілер - ережелердің бірыңғай нысанының болмауы. Оларда қамтылған міндеттер мен функциялар жалпылама, нақты емес сипатта болды. Нәтижесінде бұл мынаған әкеп соқты:

а) орталық атқарушы органдардың белгілі бір бөлігі тектес немесе бірін-бірі қайталайтын функцияларды орындады;

б) атқарушы органдардың құрылымында өкілеттіктер және экономиканың жекелеген салалары мен секторларында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу үшін жауапкершілік айқын бөлінбеді;

в) атқарушы органдардың қабылданатын шешімдерді әзірлеу және іске асыру процесіндегі өзара бірлескен іс-қимыл тетігі жеткілікті түрде пысықталған жоқ.

Аталған кемшіліктерді жою үшін "Қазақстан Республикасының министрлігі (Мемлекеттік комитеті) туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 наурыздағы N 321 Р970321_ қаулысы және мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін басқа да бірқатар құжаттар қабылданды.

Таяудағы уақытта мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелерін реттейтін барлық заңдық және нормативтік актілерді сараптамадан өткізіп, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа да атқарушы органдар туралы барлық ережелерді "Мемлекеттік атқарушы органдардың құрылымы мен функциялары" деген бір құжатқа жинақтаған орынды болады. Бұдан әрі бір органның жұмыс істеуі мен құрылымын өзгерту басқаларымен өзара байланыста қаралуы тиіс.

Мемлекеттік басқару органдары арасында тиімді өзара бірлескен іс-қимылды ұйымдастыру орталық атқарушы органдарды қайта ұйымдастыру процесінде шешілуі тиіс өзекті мәселе болып табылады. Бұл үшін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың функциялары мен жауапкершілігін жалпымемлекеттік ұйымдастыру тетігі шеңберінде қабылданатын шешімдерді әзірлеу және іске асыру процесінде бөлу қажет. Жалпымемлекеттік ұйымдастыру тетігіне мыналар кіреді:

- орындалатын функция бойынша шешімдер қабылдау;
- орындалатын функция бойынша шешімдерді іске асыру;
- "вето" қою құқығымен қабылданатын шешімдерді келісу;
- шешімдерді әзірлеу және іске асыру процесіне қатысу;
- қабылданған шешімдердің нәтижелеріне талдау жасау және олардың салдарына баға беру.

Жаңа құрылым бойынша орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді Премьер-Министрдің Кеңсесі қамтамасыз етеді. Басқару шешімдерін әзірлеу мен іске асыру процесіндегі мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынасының сипаты мен тәртібін "Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының регламенті" деген арнайы жетекші құжатта көрсету қажет.

ҮІІ. Атқарушы органдардың функцияларын ұтымды ету

Ұйымдық құрылымды ұтымды ету басқарудың артық деңгейлері мен буындарын, жекелеген орталық атқарушы органдар орындайтын функциялардың қайталануын жоюда.

Дүниежүзілік тәжірибеге қарағанда Үкімет шешімдері қабылданатын орталық атқарушы органдардың саны - 10-нан 15-ке дейін министрлік, сондай-ақ басқа орталық атқарушы органдардың (агенттіктер немесе комитеттер) шағын саны.

Орталық атқарушы органдардың ұйымдық құрылымының қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған моделі мен олардың негізгі функциялары қосымшаның 2-суретінде келтірілген. Министрліктер мен мемлекеттік комитеттер экономиканың тиісті секторларында саясатты әзірлеу мен іске асыруға жауапты және бұл үшін тиісті ресурстары және өкілеттіктері бар негізгі орталық атқарушы органдар болып табылады.

Премьер-Министрдің Кеңесі тиісті салаларда мемлекеттік саясаттан ауытқуға жол берілгенде олардың қызметіне араласады. Мемлекеттік саясатты әзірлеуге байланысты емес, тар мамандандырылған функцияларды атқаратын орталық атқарушы органдар таратылды.

Осымен бір уақытта министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар ірілендіріліп, оның нәтижесінде, экономика және қаржы, өндіріс пен инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік сала және табиғатты пайдалану, әскери-саяси секторлар құрылды.

Экономика және қаржы секторын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика және сауда министрлігі құрайды.

Экономика және сауда министрлігінде орта мерзімді және ағымдағы индикативтік жоспарларды әзірлеу мен іске асыру, құрылымдық-инвестициялық, баға және монополияға қарсы саясат функцияларын күшейту қажет.

Аталған функцияларды орындау үшін Министрлікке әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиясы мен индикативтік жоспарын әзірлеу үшін барлық деңгейдегі атқарушы органдарды салааралық үйлестіру бойынша кең өкілеттіктер беру қажет.

Мыналарды:

жергілікті шаруашылықты, шағын бизнестің дамуын ынталандыру және арнайы экономикалық аймақтар құру жолымен аумақтық әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ұтымды пайдалануды;

өндірістік-экономикалық мамандануын ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктерді бірқалыпты және тепе-тең дамытуды;

әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалған және экологиялық қолайсыз аймақтарды, сондай-ақ шағын және орташа қалаларды дамыту жөніндегі шараларды белгілеуді қамтамасыз ететін тиімді аймақтық саясатты әзірлеу мен іске асыру Министрліктің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Өндіріс пен инфрақұрылымды дамыту секторын Ауыл шаруашылығы, Энергетика және табиғи ресурстар, Көлік және коммуникациялар министрліктері құрайды. Аталған орталық атқарушы органдардың бір блокта жұмыс істеуі олардың қызметін тиімді үйлестіруді жүзеге асыруға және экономиканың тиісті салаларында келісілген саясатты жүргізуге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік сала және табиғатты пайдалану секторы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және мәдениет, Денсаулық сақтау, Экология және биоресурстар министрліктерінен тұрады. Мұндай министрліктер барлық елдерде бар. Аталған секторға кіретін министрліктердің өтпелі кезеңдегі қызметінің негізгі бағыты әлеуметтік объектілердің нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуі саясатын әзірлеу мен іске асыру болып табылады. Бұған қоса олардың функцияларына халыққа көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру және қызмет көрсететін ұйымдардың қызметіне бақылау жасау кіреді.

Әскери-саяси секторды Қорғаныс, Әділет және Ішкі істер министрліктері құрайды. Аталған органдарға Республиканың егемендігін қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті сақтау міндеттері жүктелген.

Министрліктің ұйымдық құрылымы. Қолданылып жүрген құрылымдағы министрліктер мен мемлекеттік комитеттер мемлекеттік атқарушы өкіметтің әлеуметтік-экономикалық саланың тиісті секторларында саясатты әзірлеу мен іске асыруға жауапты негізгі органдары болып табылады. Министрліктің (Мемлекеттік комитеттің) жұмысына Министр (Мемлекеттік комитеттің Төрағасы) басшылық жасайды, оның орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

Әрбір министрлік (Мемлекеттік комитет) мыналар үшін:
өндірістің тиісті салалары мен секторларында саясатты әзірлеу;
саясатты іске асырудың нысандары мен әдістерін дұрыс таңдап алу;
өздеріне жүктелген функцияларын орындайтын ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне пәрменді бақылауды жүзеге асыру;
бөлінген ресурстарды тиімді пайдалану үшін жауапты.

Орталық атқарушы органдардың ішкі құрылымын қалыптастыруды үш деңгейлі желілік-штабтық принципке негіздеу ұсынылып отыр, оның схемасы 1-суретте көрсетілген. Желілік-штабтық құрылымдарда билік жүргізу және төменгі деңгейлерде ықпал ету құқығы басшыда ғана сақталады, ал штабтық қызметтер шешімді әзірлеудің, әртүрлі кезеңдерінде ақпаратты өңдеу, сараптама жүргізу, қорыту, ұсыныстар қалыптастыру, тағы сол сияқты функцияларды өз мойнына алады.

Ұсынылып отырған ұйымдық құрылым өз құрамында басқарудың мынандай деңгейлерін қамтиды:

- 1 деңгей - Министр (Мемлекеттік комитет Төрағасы) және оның орынбасарлары;
- 2 деңгей - министрліктің (Мемлекеттік комитеттің) орталық аппаратының құрамына кіретін департаменттер (басқармалар);
- 3 деңгей - министрліктердің (орталық комитеттердің) заңды тұлғалары болып табылатын департаменттер, комитеттер, агенттіктер.

Министрліктің (мемлекеттік комитеттің) орталық аппараты тиісті орган қызметінің стратегиясы мен саясатын, Министрдің (Мемлекеттік комитеттің Төрағасының) немесе оның орынбасарларының бекітуі үшін нормативтік-жоспарлық және ұйымдық-өкімдік құжаттарды айқындайтын, сондай-ақ министрліктің (мемлекеттік комитеттің) басшылығының жедел жұмысын қамтамасыз ететін штабтық орган болып табылады.

Заңды тұлғалар болып табылатын департаменттер, комитеттер және агенттіктер әзірленген стратегияның, белгіленген өкілеттіктер мен бөлінген қаражаттың шегінде өздеріне жүктелген функцияларды дербес орындайтын салыстырмалы түрде дербес бөлімшелер болып табылады.

1-сурет. Министрлік құрамының принциптік жүйесі



Премьер-Министрдің Кеңесі, Премьер-Министр Кеңесінің негізгі міндеті Премьер-Министрдің, Үкіметтің жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің жұмысын жалпы үйлестіру болып табылады.

Премьер-Министрі Кеңесінің маңызды функцияларының бірі Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің орындалуына бақылау жасау болып отыр.

Үйлестіру функциялары маңызды саяси және экономикалық шешімдерді әзірлеу мен іске асыру процесінде орталық атқарушы органдардың өзара бірлескен

ведомствоаралық айқын іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады.

Орталық атқарушы органдардың жұмысындағы жарыспалылыққа жол бермеу үшін Премьер-Министр Кеңесінің орталық атқарушы органдардың қызметін олардың нысаналық функционалдық аясына араласпай, ведомствоаралық үйлестіру және оған бақылау жасау жөніндегі функциясын нығайту ұсынылады.


Премьер-Министр Кеңесінің қызметіне ағымдағы басшылықты Басшы және оның орынбасарлары жүзеге асырады.

Құрылымы, функциясы және оларға тиісті өкілеттіктер Премьер-Министрдің Кеңесі туралы Ережеде нақтыланады.

Премьер-Министр кеңесінің жұмыс істеп тұрған құрылымының принциптік схемасы 2-суретте көрсетілген.

2-сурет. Премьер-Министр Кеңесінің құрылымы





Қазіргі кезде қызметі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындармен ұйымдар жеткілікті дәрежеде тиімді жұмыс істей алмай отыр. Оның негізгі себептері мынада:

олардың көпшілігі нарық жағдайында жұмыс істеуге толық бейімделген жоқ;
олардың қызметін мемлекет тарапынан реттеудің нысандары мен әдістерін қайта қарау талап етіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің қызметін ұтымды ету жөнінде белгілі шаралар қабылдады. Мұның мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың халыққа көрсететін қызметі сапасының төмендеуіне әкеп соқпауы үшін бюджеттік ұйымдардың құрамы мен орындайтын функцияларын оларды мемлекеттік бюджет қаражаты


есебінен ұстаудың орынды немесе орынсыз екендігі жағынан зерделеу

қажет.

Мұндай жұмысты жүргізу орта мерзімді бюджет саясаты шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, жеке меншік секторға берілуге тиіс (толығымен немесе олардың жекелеген функцияларын) ұйымдардың тізбесін айқындауға мүмкіндік береді.

1-сурет. Орталық атқарушы
органдардың бұрынғы құрылымы

Қосымша



Экономика және қаржы секторы

Өндірісті инфрақұрылым мен
сауданы дамыту секторы

Қаржы министрлігі | Тұрғын үй және құрылыс салу министрлігі | Өнеркәсіп және сауда министрлігі | Мұнай және газ министрлігі |

Экономика және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет | Ауыл шаруашылығы министрлігі | Энергетика және көмір және көмір өнеркәсібі министрлігі |

Мемлекеттік салық комитеті | Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті | Көлік және коммуникациялар жөніндегі комитеті | Геология және жер қойнауын пайдалану министрлігі |

| мемлекеттік || _____ || министрлігі |
| комитет | _____ |
| _____ |

Мемлекеттік		Жекешелендіру		Инвестициялар		Мемлекеттік
кеден комитеті		жөніндегі		жөніндегі		материалдық
_____		мемлекеттік		мемлекеттік		резервтер
комитет		комитет		жөніндегі		
_____		_____		комитет		

Жер қатынастары		Қазақстан		Қазақстан Рес.		Су ресурстары
және жерге орна.		Республикасының		публикасының		жөніндегі
ластыру жөніндегі		Ұлттық		Стандарттау		комитет
мемлекеттік		статистика		метрология және		_____
комитет		агенттігі		сертификаттау		
_____		_____		жөніндегі		
комитеті						

Бағалы қағаздар		Мемлекеттік		Авторлық және		Жоғары және
жөніндегі мемле.		сақтандыруды		сабақтас құқық.		орталық мемле.
кеттік комиссия		қадағалау		тар жөніндегі		кеттік орган.
_____		_____		мемлекеттік		дарды Ақмолаға
агенттік		көшіру жөнін.				
_____		дегі мемлекет.				
тік комиссия						

| Бухгалтерлік есеп |
| жөніндегі комиссия |
| _____ |

Әлеуметтік сала және табиғатты
пайдалану секторы

Әскери-саясат
секторы

Экология және биоре.		Еңбек және халықты		Қорғаныс министрлігі
сурстар министрлігі		әлеуметтік қорғау		_____
_____		министрлігі		

Гидрометеорология || Білім министрлігі || Ішкі істер
жөніндегі бас || _____ || министрлігі
басқарма | _____ |

Төтенше жағдайлар || Ғылым министрлігі- || Әділет министрлігі |
жөніндегі мемлекеттік || Ғылым академиясы || _____ |
комитет || _____ |

Ұлттық саясат жөнін. || Денсаулық сақтау || Сыртқы істер
дегі мемлекеттік || министрлігі || министрлігі |
комитет || _____ || _____ |

Үкімет жанындағы дін || Жастар ісі туризм || Мемлекеттік шекара |
істері жөніндегі || және спорт жөніндегі || күзеті жөніндегі |
кеңес || министрлік || мемлекеттік комитет |
_____ || _____ || _____

Мемлекеттік аттеста. || Мәдениет министрлігі |
циялық комитет || _____ |

2-сурет. Орталық атқарушы органдардың қолданылып жүрген құрылымы Қосымша



Экономика және қаржы секторы Өндірісті және инфрақұрылымды
дамыту секторы

Қаржы министрлігі		Энергетика және табиғи ресурстар
*Бюджет саясаты және бюджетті		министрлігі
қалыптастыру		*Отын өнеркәсібі және энергетика
*Салық саясаты		салаларын дамыту саясатын
*Ішкі және сыртқы борыштарды		әзірлеу
басқару		*Энергетикамен жабдықтау саясаты
*Шетел заемдары және гранттар		*Геология
* Бухгалтерлік есеп және бақылау		_____
әдіснамасы		
*Қаржылық және сақтандырылды		
бақылау		
*Мемлекеттік мүлікті басқару		_____
*Жекешелендіру		Ауыл шаруашылығы министрлігі
*Мемлекеттік материалдық		*Аграрлық саясат
резервтер		*Мелиорация
*Салық жинау		*Балық шаруашылығы
_____		*Орман шаруашылығы
_____		*Ауыл шаруашылығы өнімдерін
Мемлекеттік кеден комитеті		өнеркәсіптік өңдеу
*Кеден баждарын жинау		*Жерді пайдалану
_____		*Геодезия және картография
_____		*Су ресурстары
Экономика және сауда министрлігі		_____
*Экономикалық жоспарлау,	_____	
құрылымдық-инвестициялық саясат		Көлік және коммуникациялар
*Информатикаландыру және		министрлігі
статистика		*Көлік пен коммуникациялардың
		барлық түрлерін дамыту саясаты
*Баға және монополияға қарсы		_____
саясат	_____	
*Өндірістік саясат. Өндіргіш		Жоғары және орталық мемлекеттік
күштерді дамытуды және орналас.		органдарды Ақмолаға көшіру
тыруды жоспарлау		жөніндегі мемлекеттік комиссия
*Сыртқы және ішкі сауданы дамыту		_____
*Стандарттау және сертификаттау		
*Авторлық және патенттік құқықтар		

* Аймақтарды және арнайы экономиялық аймақтарды дамыту саясаты
* Шағын кәсіпкерлікті дамыту және жұмыс орындарын құру
* Архитектура және қала салу

Әлеуметтік сала және табиғатты пайдалану секторы

Әскери-саясат сектор

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау || Сыртқы істер министрлігі
|| * Мемлекеттік сыртқы саясатты
* Халықты әлеуметтік қолдау және қорғау саясаты || іске асыру
* Шетел өкілдіктері
* Пайда саясаты || * Халықаралық екіжақты және
* Жұмыспен қамту саясаты || көпжақты байланыстар
* Еңбекті қорғау және өндірістік санитария || * ТМД елдерімен қарым-қатынас
|| саясаты
* Әлеуметтік сақтандыру
* Тұтынушылардың құқығын қорғау ||
|| Әділет министрлігі
|| * Мемлекеттік құқықтық саясатты іске асыру
Білім және мәдениет министрлігі ||
* Білім беру || * Соттардың нотариат органында.
* Мәдениет || рының, АХАТ, адвокатура
* Жастар ісі || қызметтерін ұйымдық кадрмен
* Спорт || және өзгедей қамтамасыз ету
* Туризм || * Заңды тұлғалар мен жылжымай.
* Діни қатынастар саласындағы саясат || тын мүлікті мемлекеттік
* Ұлттық саясат || тіркеу
|| * Нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және
Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы || сараптау
* Ғылым саласындағы және жаңа технологияларды енгізу саясаты ||
* Ғылыми, ғылыми-педагогтық кадрларды аттестациялау || Ішкі істер министрлігі
|| * Қоғамдық тәртіпті сақтау
* Салааралық ғылыми-техникалық жобаларды мемлекеттік сараптау || * Төлқұжат режимі

_____ | _____
_____ | Қорғаныс министрлігі |
Денсаулық сақтау министрлігі ||*Елдің қорғаныс қабілетін |
*Медициналық қызмет көрсету сала. ||қамтамасыз ету |
сындағы саясат ||*Мемлекеттік шекараны қорғау |
*Көрсетілетін медициналық қызмет ||*Қорғаныс өнеркәсібі |
және дәрілік заттарға бақылау жасау ||_____ |
*Мемлекеттік медициналық мекемелер. |
дің қызметін үйлестіру |
_____ |

_____ |
Экология және биоерсурстар |
министрлігі |
*Қоршаған ортаны қорғау саясаты |
*Гидрометеорология |
*Экологиялық нормативтер және |
стандарттар |
*Радиациялық жағдайды зерделеу |
_____ |

_____ |
Төтенше жағдайлар жөнінегі |
мемлекеттік комитет |
*Апаттарды болжау және олардың |
зардаптарын жою |
*Жұмылдыру резервтерін қалыптастыру |
_____ |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 9 маусымдағы
N 940 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
қызметін одан әрі реформалау бағдарламасын іске
асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі
шараларының
ЖОСПАРЫ

ЕСКЕРТУ. 9,13-жолдар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.12.01. N 1215
қаулысымен.

P981215_

	Кәсіпорындардың атауы	Аяқталу нысаны
1	2	3

1. Мемлекеттік қызметті кадрлармен қамтамасыз ету

1	Мемлекеттік қызмет санатына жататын қызметтердің	"Мемлекеттік қыз. құқықтық мәртебесін және тізбесін анықтау	мет туралы"
	Қазақстан Респуб.	ликасы Президен.	тінің Заң күші
	бар Жарлығына	өзгерістер	
2	Мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік	Үкімет қаулысы	
	бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың		
	қызметкерлерінің санағын жүргізу тәртібі туралы		
	ережені әзірлеу және бекіту		
3	Қызметкерлердің штаттық және нақты санын ескере	Санақтың белгілен.	
	отырып, мемлекеттік қызметшілердің және	ген нысан бойынша	
	мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын	материалдары	
	ұйымдардың қызметкерлерінің санағын жүргізу		
4	Санақ нәтижелерін талдау және кадрларды есепке	Үкімет қаулысы	
	алудағы және пайдаланудағы анықталған тәртіп		
	бұзушылықтарды жою		
5	Санақ материалдарын сақтауды, жаңартуды	Қаржы министр.	
	қамтамасыз ететін және оның басқа да ақпараттық	лігінің деректер	
	жүйелермен жанасу мүмкіндіктерін көздейтін	банкі	
	деректер базасын құру		

6|Мемлекеттік қызмет кадрларын есепке алудың және |Үкімет қаулысы
|олардың қозғалысының компьютерлендірілген |
|жүйесінің жобасын әзірлеу |

7|Премьер-Министрдің Кеңесінде және Білім және |Үкімет қаулысы
|мәдениет министрлігінде кадрлар есебінің және |
|олардың қозғалысының компьютерлендірілген |
|жүйесін енгізу |

8|Денсаулық сақтау және Әділет министрліктерінде |Үкімет қаулысы
|кадрлар есебінің және олардың қозғалысының |
|жүйесін енгізу |

9|
<*>

10|Жаңа мемлекеттік қызмет қажеттіліктеріне |Үкімет қаулысы
|бағдарланған Кадрларды даярлау және қайта даяр. |
|лау бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі |
|іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту |

II. Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу

11|Мемлекеттік қызметшілерге және кәсіпкерлік |Премьер-Министр.
|сектор қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің |дің Өкімі
|салыстырмалы талдау әдіптемесін әзірлеу және |
|бекіту |

12|Мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік |Премьер-Министр.
|құрылымдардың қызметтеріне оларға жүктелген |дің Өкімі
|функцияларды атқару үшін құзыреттердің, білікті. |
|ліктер мен дағдылардың тиісті деңгейлерін талап |
|ететін лауазымдарына еңбекақы төлеу деңгейіне |
|талдау жасау |

13|

14| Республикалық және жергілікті бюджеттерден | Үкімет қаулысы
| қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және |
| оларға ведомстволық бағыныстағы ұйымдар көрсе. |
| тетін ақылы және ақысыз қызметтердің тізбесін |
| айқындау және оны Қаржы министрлігі мен |
| Экономика және сауда министрлігіне жіберу |

15| Халыққа мемлекеттік қызмет көрсететін | Үкімет қаулысы
| қызметтердің тізбесін және сапасын айқындайтын |
| стандарттар және нормативтер, сондай-ақ оларды |
| ұсынудың регламенті мен рәсімдерін әзірлеу |

16| Мемлекеттік қызметшілердің қызметтеріне жеке | Үкімет қаулысы
| және заңды тұлғалар тараптарынан түскен шағымдар |
| мен талаптарды қараудың тәртібі мен мерзімі |
| туралы ережені әзірлеу |

17| Мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік әдебінің | Үкімет қаулысы
| ережелерін әзірлеу |

III. Атқарушы органдардың функцияларын ұтымды ету

18| Қабылданатын шешімдерді даярлау және іске асыру | Үкімет қаулысы
| процесінде атқарушы органдардың өзара әрекет |
| етуінің ұйымдастыру тетігін әзірлеу |

19| Мемлекеттік органдарды компьютерлендіру | Үкімет қаулысы
| жағдайында құжаттарды сақтау, өңдеу және көшіру |
| ісінде іс жүргізудің қолданыстағы жүйесін |
| жетілдірудің жоспарын әзірлеу |

20| Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын | Үкімет қаулысы
| ұйымдарды толық немесе олардың жекелеген |
| функцияларын жеке меншік секторға берудің |
| орындылығын айқындауға мүмкіндік беретін |

олардың қызметтерін бағалау өлшемдері мен талдау әдістемесін әзірлеу	
21 Белгіленген өлшемдер мен талдау әдістері негізінде жекешелендірілуі орынды болатын, республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың тізбесін айқындау және оларды қаржыландыруды 1999 жылдың наурызына қарай кезең-кезеңімен тоқтату кестесін жасау	Үкімет қаулысы
22 Орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында функциялар мен өкілеттіктерді қайта бөлу ескерілетін қаржы-бюджет жүйесін реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкімет қаулысы
23 Жергілікті атқарушы органдарға немесе жеке секторға берілетін функциялардың тізбесін айқындау	Үкімет қаулысы

Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты министрліктер мен ведомстволар
4	5
1. 1998 жылдың маусымы	Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі
2. 1997 жылдың тамызы	Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі
3. 1997 жылдың желтоқсаны	Қаржы министрлігі, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері
4. 1998 жылдың маусымы	Қаржы министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Білім

|және мәдениет министрлігі,
|Денсаулық сақтау министрлігі

5. 1998 жылдың қыркүйегі |Қаржы министрлігі
|Экономика және сауда министрлігі

6. 1998 жылдың қыркүйегі |Қаржы министрлігі

7. 1998 жылдың желтоқсаны |Премьер-Министрдің Кеңесі,
|Білім және мәдениет министрлігі

8. 1999 жылдың наурызы |Денсаулық сақтау министрлігі,
|Әділет министрлігі және
|Қаржы министрлігі

9. 1998 жылдың маусымы |Еңбек және халықты әлеуметтік
|қорғау министрлігі, Экономика
|және сауда министрлігі, Қаржы
|министрлігі, Әділет министрлігі

10. 1997 жылдың желтоқсаны |Үкімет жанындағы Мемлекеттік
|қызметшілерді қайта даярлау және
|біліктілігін арттыру институты,
|Премьер-Министрдің Кеңесі,
|Әділет министрлігі

II. Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу

11. 1997 жылдың шілдесі |Экономика және сауда министрлігі,
|Қаржы министрлігі, Еңбек және
|халықты әлеуметтік қорғау
|министрлігі

12. 1997 жылдың қарашасы | -"-

13. 1998 жылдың маусымы | -"-

14. 1997 жылдың желтоқсаны |Қаржы министрлігі, Экономика
|және сауда министрлігі,
|Әділет министрлігі, министрліктер,
|мемлекеттік комитеттер, облыстардың
|және Алматы қаласының әкімдері

15. 1998 жылдың маусымы |Экономика және сауда министрлігі,
|Қаржы министрлігі, Еңбек және
|халықты әлеуметтік қорғау
|министрлігі

16. 1998 жылдың маусымы |Әділет министрлігі, Экономика
|және сауда министрлігі,
|Қаржы министрлігі

17. 1997 жылдың тамызы |Әділет министрлігі

III. Атқарушы органдардың функцияларын ұтымды ету

18. 1998 жылдың маусымы |Әділет министрлігі,
|Қаржы министрлігі

19. 1998 жылдың маусымы |Әділет министрлігі,
|Қаржы министрлігі,
|Премьер-Министрдің Кеңесі

20. 1998 жылдың тамызы |Қаржы министрлігі, Экономика
|және сауда министрлігі,
|Білім және мәдениет министрлігі,
|Денсаулық сақтау министрлігі

21. 1998 жылдың маусымы |Қаржы министрлігі, Экономика
|және сауда министрлігі,
|Білім және мәдениет министрлігі,
|Денсаулық сақтау министрлігі

22. 1998 жылдың маусымы |Қаржы министрлігі,

Әділет министрлігі

23. 1998 жылдың қаңтары | Қаржы министрлігі, Экономика
| және сауда министрлігі,
| Әділет министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК